

Қаралды:
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ педагогикалық кеңесі
2024 ж. «20» 03 № 4 хаттама

Бекітемін:
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова» атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
А. Әбішев Т.



Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды лауазымға тағайындау, лауазымнан босату ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012ж. 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары», 2021 жылғы 8 қаңтарда педагогикалық кеңес шешімімен бекіткен Мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңесі туралы Ережеге, Мектеп директоры бекіткен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасына сәйкес әзірленді.
2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) педагог кадрларын бос лауазымдарға тағайындауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды және лауазымнан босату шарттарын белгілейді.
3. Қағидалар педагог кадрлардың сапалы құрамын қалыптастыру мен сақтауды, жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуды, сондай-ақ Мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жетілдіруді көздейді.
4. Педагог лауазымына кандидатты іріктеу кезіндегі негізгі талаптар педагогикалық білімнің, тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білімнің, қайта даярлау туралы құжаттың болуы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі болып табылады.

2. Педагог лауазымына тағайындау тәртібі

1. Педагог лауазымына тағайындау тәртібі келесі рәсімдерді қамтиды:
 - Мектеп «Алматы қаласының Еңбек биржасы» Интернет ресурсындағы жеке парағында, Мектептің интернет-ресурсында/ әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында бос және уақытша бос лауазымның атауын, белгіленген

- негізгі қызметтік міндеттерін, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттарын, уақытша лауазымның мерзімін көрсете отырып, бос және уақытша лауазымдар туралы хабарландыруды жариялайды;
- кадр бөлімі арқылы бос лауазымға және уақытша бос лауазымға жұмысқа орналасуға ниетті кандидаттардан осы қағидаларға № 1 нысандағы өтініштерді мен қоса түйіндемелерді онлайн қабылдауды жүзеге асырады (хабарламада өтініштер мен түйіндемелерді қабылдауға арналған электрондық пошта көрсетіледі);
2. Құрылымдық бөлімдерде мектептің бос лауазымы болу фактісі бойынша басшының, бөлімнің жетекші педагогтері мен Мектеп әкімшілігінің қатысуымен кемінде 5 адам құрамында уақытша комиссиялар құрылады;
 3. Комиссия кандидаттардың түйіндемелерін ресми тіркеу күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың білім туралы дипломының, оқыту тілінің сәйкестігін, жұмыс тәжірибесінің, IT-құзыреттіліктерінің болуын және т.б. қарап, көрсетілген телефон бойынша кандидатқа: әңгімелесу өткізу күні және/немесе қараудан себепті бас тарту туралы жауап қайтарады;
 4. Қызметкерлердің жазғы демалысы кезеңінде бос лауазым пайда болған жағдайда түйіндемені қарау және комиссия отырысының мерзімі оқу жылының басына ауыстырылуы мүмкін, бұл туралы кандидаттарға алдын ала хабарланады;
 5. Уақытша құрылған комиссия бос лауазымға орналасуға кандидатпен (кандидаттармен) әңгімелесу өткізеді;
 6. Әңгімелесу кезінде кандидат (бір бос педагог лауазымына кандидаттар)
 - 1) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
 - 2) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
 - 3) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
 - 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
 - 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
 - 6) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
 - 7) наркологиялық ұйымнан анықтама;
 - 8) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат (ЖОО оқу орнын бітірген үміткерлер «педагог-стажер» ПББ сертификатын) немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
 - 9) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің

немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе айелте IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) сертификаты - 60-65 балл;

10) Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби құзыреттіктері, біліктілік арттыруы, мемлекеттік, ведомстволық және басқа наградалары, атақ, ғылыми дәреже, жариялымдары және т.б. құжаттарының көшірмелерін комиссияға ұсынады.

7. Бос лауазымға орналасуға бірнеше кандидаттармен әңгімелесу өткізген жағдайда комиссия ҚР Еңбек кодексiне сәйкес еркін таңдау құқығын пайдаланады және ең тәжірибелі, осы лауазымның қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті кәсіби білімін көрсеткен және тиісті біліктілік санаттары бар үміткерлерге артықшылық береді;

8. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру жолымен қатысқан мүшелері дауысының қарапайым көпшілігімен қабылданады және ұсыным сипатында болып, хаттамамен ресімделеді;

9. Педагог лауазымына (оның ішінде лауазыдарды қоса атқаруға) тағайындау бұдан алдын сыбайлас жемқорлық қылмысын және/немесе қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасаған адамдарды жұмысқа қабылдаудың алдын алу мақсатында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттар тапсырылғанда ғана комиссияның ұсынымдары негізінде Мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады;

10. Педагог қызметкермен (оның ішінде лауазымдарды қоса атқарушымен) қызмет атқаратын лауазымға оның біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында 3 айға дейін сынақ мерзімі міндетті белгіленіп, еңбек шарты жасалады;

11. Сынақ мерзімі ішінде педагог қызметкер немесе оған теңестірілген адам әдістемелік әдістері мен технологияларын көрсету үшін кемінде 3 ашық сабақ өткізеді;

12. Өткізілген сабақтардың нәтижелері бойынша педагог сынақ мерзімінен өтті немесе өтпеді деп есептеледі;

13. Бір оқу жылы кезеңіне (оның ішінде сынақ мерзіміне) алғаш рет кәсіби қызметке кіріскен педагогке тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог тағайындалады;

14. Сынақ мерзімі еңбек шартында көрсетілген жұмыс басталған күннен басталады және педагог қызметкердің еңбек өтіліне кіреді;

15. Бір оқу жылынан кем мерзімге уақытша бос лауазымға (оның ішінде лауазыдарды қоса атқаруға) қабылдау кезінде сынақ мерзімі белгіленбейді.

3. Бос педагог лауазымына қабылданған қызметкерлермен еңбек шартын бұзу талаптары

1. Сынақ мерзімі аяқталған соң комиссия бос педагог лауазымына қабылданған қызметкердің жұмысына талдау жасайды және оның қызмет атқаратын лауазымда кейінгі жұмысы туралы ұсынымдарды Мектеп әкімшілігіне береді;



2. Сынақ мерзімі кезеңінде педагог қызметкердің жұмысы теріс нәтижемен белгіленген кезде әкімшілік сынақ мерзімі аяқталуымен оған еңбек шартын бұзуға негіз болған себептер көрсетілген хабарлама бере отырып, еңбек шартын бұзады;
3. Сынақ мерзімі аяқталуымен еңбек шартын бұзу туралы хабарлама берілмеген жағдайда педагог қызметкер сынақ мерзімінен өтті деп есептеледі;
4. Қызметкердің лауазымда кейінгі қызмет атқаруы және/немесе лауазымнан босатылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;
5. Сынақ мерзімі кезеңінде қызметкер Еңбек заңнамасының нормаларын және еңбек шартының талаптарын, сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын, педагогикалық әдеп талаптарын бұзуға жол берген жағдайда қолданыстағы еңбек заңнамасының негізінде еңбек қатынастары тоқтатылады;
6. Уақытша бос лауазымға қабылданған қызметкер еңбек шартының мерзімі аяқталған соң және оның жұмысы туралы оң пікірлер қалыптасқан жағдайда 1 ставкаға педагогикалық сағаттар болу шартымен негізгі педагог лауазымына ұсынылуы мүмкін.




4. Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды лауазымнан босату тәртібі

1. Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызмет атқаратын лауазымынан босатылады.


5. Нормативтік база

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 наурызда № 7495 тіркелді;
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы;
4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

Әзірлеуші:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Директордың оқу жөніндегі орынбасары	
Келісілді:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Кошкарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы	

2.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Менеджмент сапасы бойынша басшылықтың өкілі	
3.	Касенова Раушан Серикболсыновна	Кадр мәселелері жөніндегі инспектор	
4.	Болсамбеков Нияз Абдыкадырович	Мектеп-интернаттың заңгері	

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4
1	20.03.2024ж	маза шайван бұйрығы бойынша құжаттар тізімі	

Конкурс жариялаған мемлекеттік орган

(үміткердің Т.А.Ә. (бар болса)), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұрғылықты жері, тіркелген мекен-жайы, байланыс телефоны

Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымдық конкурсқа қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын
(қажетінің астын сызыңыз)

білім беру ұйымының атауы, мекен-жайы (облыс, аудан, қала\ауыл)
Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

білім беру ұйымының атауы, мекен-жайы (облыс, аудан, қала\ауыл)

Өзім туралы келесіні хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейін

Оқу орнының атауы	Оқыту кезеңі	Диплом бойынша мамандық

Біліктілік санатының болуы (беру (растау) күні):

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелері бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса)

Күні

Қолы